



Автор: НУРМАГАНБЕТОВА ЖАДЫРА ЖАКСЫЛЫКОВНА

Пән: Химия

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Химиялық байланыс түрлері

Тақырып: Иондық байланыстың түзілуі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8. 1.4.2 иондық байланыстың түзілу механизмін сипаттау және иондық қосылыстардың қасиеттерін болжау
Сабақтың мақсаты:	☐ иондық байланыстың анықтамасын жаза алады; ☐ иондық байланыстың түзілу механизмін «айқыштар мен нүктелер» диаграммасы арқылы көрсете алады; ☐ берілген қосылыстар иондық байланысы бар қосылыстарды ажырата алады
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар жаңа сөздерді түсінгенін көрсету үшін, оларды қатесіз пайдалану қажет Пәнге қатысты лексика мен терминология Атомдық, молекулалық, иондық, металдық, кристалл торлар. Атомдық/ молекулалық/ иондық кристалл торлардың түйіндерінде атомдар/молекулалар/иондар орналасады. Металдық кристалл тор кристалл торлардың түйіндерінде атомдар/ иондар орналасқан тор, олардың арасында бос күйінде қозғалады. X затының кристалдық торы , яғни физикалық қасиеттері төмендегідей
Күтілетін нәтиже:	☐ иондық байланыстың түзілу механизмін «айқыштар мен нүктелер» диаграммасы арқылы көрсетеді ☐ берілген қосылыстар иондық байланысы бар қосылыстарды ажыратады
Бағалау критерийлері:	☐ иондық байланыстың анықтамасын жазады ☐ иондық байланыстың түзілу механизмін «айқыштар мен нүктелер» диаграммасы арқылы көрсетеді ☐ берілген қосылыстар иондық байланысы бар қосылыстарды ажыратады
Құндылықтарды дарыту:	Оқу тапсырмасын орындау кезде қоғамдық өмірге дайын болу, өзін бақылауда ұстай білу, бәсекеге қабілетті бола білу құндылықтары дамытылады. Жазбаша жұмыстар арқылы академиялық шыншылдық, нақтылық, өзін-өзі реттей білу құндылықтары дамытылады. Ауызша жұмыстар арқылы ойды реттей білу, сенімділік, дәлелдерді қолдана білу құндылықтары дамытылады. Жеке жұмыс кезінде өзіне деген сенімділік, өзін-өзі көрсету құндылықтары дамытылады. Топтық немесе жұптық жұмыс кезінде ортақ іс атқаруда ынтымақтастықта бола білу, жаһандық азаматтық, өз оқуына жауапкершілікпен қарау, сынға алу, ортақ пайдалану құндылықтары дамытылады. Практикалық жұмыс кезінде түрлі манипуляцияларды меңгеру, дұрыс таңдау жасау, жобалау, бағалау, сыни ойлау, сынды қабылдау, сыни пікір айта білу, өз ісіне берілу құндылықтары дамытылады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Powerpoint, интернет ресурстары, 8 класс оқулық
Пәнаралық байланыс:	физика
Бастапқы білім:	Химиялық реакциялар

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	Ұйымдастыру. I. Сыныпта ынтымақтастық атмосферасы мен бірлескен оқу ортасын құру 1,2,3 сандарымен топқа бөлу. Полюсті, полюссіз, иондық Өткенді сабақты қайталау "Менің тілімнің ұшында" Оқушылар өздерін дұрыс жауаппен тексереді. Оқушылар электртерістілік айырмасына сәйкес байланыстың ковалентті полюссіз және полюсті болатынын біледі, мұғалім электртерістілік айырмасы 2-ден жоғары болса иондық байланыстың түзілетінін айтып, бүгінгі сабақтың тақырыбы және мақсаттарымен таныстырады. Оқушылар лабиринт сұрақтарына жауап бере отырып, иондық байланыстың анықтамасын тұжырымдайды. Иондық байланыс: оң және теріс зарядталған иондардың электростатикалық тартылысы негізінде түзілетін байланыс Оқушыларға иондар қалай пайда болады деген сұрақ қойыңыз. Оқушылар электронды қосып алу немесе жоғалту деп жауап береді. Мысал ретінде натрий және фтор ионының түзілуін көрсетіңіз. Ион диаграммасын салу шарттары 1.Нартий атомының сыртқы энергетикалық деңгейінің электрондық формуласын жазу. 2. Натрий атомынан қалыптасатын ионның зарядын анықтау. 3. Хлор атомының сыртқы энергетикалық деңгейінің электрондық формуласын жазу. 4. Хлор атомынан қалыптасатын ионның зарядын анықтау. 5. Натрий хлориндегі иондық байланыстың қалыптасу сызбасын жазу, қажет болса индекс қою. Топтық жұмыс: магний және күкірт иондарының түзілуін жазңыз. Топтар бір- бірін бағалау критерийлері арқылы тексереді. Сонының слайдтағы дұрыс жауап беріледі, сол арқылы өздерін тексеріп, жұмыстарын бағалайды. Активити: шағын тақтада оқушылар ион зарядтарын есептейді (және ұтымды жолды өз сыныптастарына ұсынады)	
Сабақтың ортасы	«Айқыштар мен нүктелер» диаграммасын қолданып, иондық байланыстың түзілу механизмін көрсетіңіз. Оқушылар түсінікті болу мақсатында анимация көрсетіледі және магний хлоридінің түзілуі оқушылармен бірлесе жазылады. Жұптық жұмыс: Берілген қосылыстардың $\square$ натрий оксиді $\square$ кальций оксиді $\square$ калий сульфиді $\square$ магний фториді 1) түзілу механизмін «нүктелер мен айқыштар» диаграммасын салыңыз; 2) осы молекулаларды модельдеуді ұсыныңыз.	
Сабақтың соңы	Бекіту. Quiziz. тест жұмысы Бағалау: Оқушылар жұмыс парағындағы тапсырмаларды жеке орындайды. Рефлексия Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді: - нені білдім, нені үйрендім - нені толық түсінбедім - немен жұмысты жалғастыру қажет	
Рефлексия	Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)? 1: 2: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)? 1: 2: Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?	